

Электронный сборник

СОВРЕМЕННОЕ

ОБРАЗОВАНИЕ

Выпуск 8

# Современное образование

## Выпуск 8

Казахстан  
2020-2021



## Әлемнің Абайы

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе...

*Сұлтанмахмұт Торайғыров*

Кең даланың төрінде, тау мен тастың арасында, табиғатпен біте қайнасып мал бағу арқылы күнелткен қазақ халқы сан мың жылдар бойы айдағанның артында, ысқырғанның соңында ілесіп жүрді. Надандық пен әділетсіздік, жауыздық пен өзімшілдік түгелімен билеп-төстеген, күннен күнге жалмап, жұтып бара жатқан кара қазақ ортасы құлдырау шағында еді. Сондай бір халыққа күн туған шағында ел арасында өзгеден озық, саналы тұлға Құнанбай шаңырағында бейкүнә сәби мына қатал да қатаң дүние есігін еш сескенбестен ашқантұғын. Көптің саралауынша, тек ішіп-жемді, алысты ғана білетін, сұм да еш аяусыз, жүрегі мұздан жаралған болуға тиіс еді, алайда “Атаның баласы болма, адамның баласы бол” деген мақал-мәтел мұндап тұрғандай қазақтың мәңгі өшпес шамшырағы, үміт оты болып Абай дүниеге келді.

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,

Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,

Етек басты көп көрдім елден бірақ,- деп ақынның өзі толғанғандай бала Абай болашағынан көп үміт күттірер саналы да мақсатты, ойының турашылдығымен, ұшқырлығымен ерекшеленген заңғар азамат болып өсіп-өнді. Елдегі қауырт жағдайлар, дау-дамайлар, ұрыс пен керістер көп күттірмей Абайды жастық шағынан еріксіз ажыратып, шегі жоқ мазасыз күйбелең арасына шырмалтып тастады. Осылай басталған Абай өмірі оның жолында әділетсіздік, арандатушылық, жемқорлық, надандық сынды алып-алып тауларды бірінен соң бірін шегі жоқ белестердей үйе берді. Осындай аласапыран күндерде Абай көңіліне медет іздеу үстінде, ғылым мен білім, оқу мен токуды өзінің ең жақын деген жан құрбыларына айналдырды. Санасындағы аласұрған ойларды қағаз бетіне шебер түсіре отырып, сол заманның небір сұрқия, небір кем-кетігін керемет, шебер мысқылдап жырлайды.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың,-деп енді бір сәт байғұс елінің қаралы тағдырына бір налып, мұңды тебіренеді. Елінің арасындағы күндестік, көре алмаушылық, өзімшілдік қасиеттерін шебер, сүбелі түрде дұрыс жеткізген ақын жүрегінде тереңнен толқытатын бір жайт болғандығы айдан анық. Ол “Осы бейшара, сорлы халқыма қалай ғана көмек қолын бере аламын. Қалай ғана осы мазасыз күндерден арашалай аламын?” деген кара қазақ

жұртының шын бейілі, жанкүйерінің ішкі зары еді. Алайда, бұл соқпағында кедей-кепшік, қатын-қалаш, бала-шаға қамын жегені үшін де ел арасының ақсақал, қарасақалдарының, ағайын-туыс, өркөкіректерінің қарғысы мен жаманатына қалды. Адамды адам көрмей, мал соңына салып тұрып, ішерге бір нәр мен жеуге бір талшық аянатын, суық күні аяғына бір өнді саптама мен ішік-тон беруге аянатын бұндай жауыздар, ел ағасы-Құнанбай баласының бұндай тірліктеріне іштей наразы, қарсы болатын. Тіптен, сондай бір оқиғалардың бірінде, Абайдың өз ағаларының, алып таудай әкесінің әділетсіз астыртын жұмыстарының ара-жігін ажыратып, халыққа шындық пен әділет жолын көрсеткені үшін оның демін үзіп, жардан құлатқандары да бар. Алайда, бұл жолында Абайдың қарапайым қазаққа керек екендігін жіті түсінген жаратушы, бұл жамандықтан жалғызымызды амандықпен арашалап қалған болатын. Бұндай сәттер және де қаншама, елге барымташылар болып өз қазағы тигенде бір орында тапжылып байып таба алмай, атқа қона кетіп: “Соңғы сәтім болса да, сендермен болмақ. Бұл жолда жаным пида. Байлауым осы”, - деп өр денелі тұлғасымен жұпыны киінген кедей халықты барынша қорғады, өле - өлгенше жандарында өтті. Осындай көптеген қастық пен зұлмат әрекеттер артында өзінің бір әкеден туған жан бауырлары тұрғанын құлағы шалғанда Абайдың еңсесі одан бетер құлап, қабырғасы қайысып, бұл жалғанда ең ауыр сатқандықты өз қанынан тапқандығы қатты түршіктірді.

Қазақтың бас ақыны, ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың тағдырын, өмір жолын сезімге берілмей, жүрек толқымай ой елегінен өткізіп талқылау аса бір қатігездіктің көрінісі болар, бәлкім. Себебі, Абай өмірі тек қана ел жанашыры болып қана өтумен тына қойған жоқ. Абайдың өнер мен өлеңге, кітап беттеріне құмарлығы аса бір талғампаздықпен, ізденімпаздылықпен бірге жүретін. Өзінің сүйген жарына мәңгілікке қосыла алмай кеткен ақын жүрегі, тыныштық пен байыптылықты сол бір өнерден іздеді. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп пенденің ең басты керегін асқан ұқыптылықпен тізіп берген Абай жаралы жүрегін, алып-ұшқан жастық құмарын тек қана қаламмен қағазға түсіріп, өмірінің ең бір ғажап, қайталанбас сәттері ренінде көмді де қойды.

Ауыр тағдырының ең бір бақытты сәттерінің бірі Абайдың осы надандықпен күн кешіп жатқан қара халықтың жылы ойлары, таза ниеттерін көруі болған. Күннен күнге өзі алға жетелеген адамдардың өмірге құлшынысы, ән мен күй, өлең мен жырға деген тартылысы ақынның ішкі дүниесінің құлпыруымен пара-пар еді. Солардың бірі өзінен туған балаларының саналы, көзі ашық, көкірегі ояу болып өсіп келе жатуы. Бірақ та Абайдың сол адамгершілігі мол,

қайратты балаларының қызығын көру пешенесіне жазылмаған озық армандарының бірі болып қала берді. Туған інісі, одан кейін мол үміт артып отырған қос баласының өмірден ерте өтуі ақынның қанатын әбден сындырған, мейірімді жүрегіне өткір қанжарды аямай тығып жаралаған өмір мезеті болып өтті. Бұндай қаралы күндерді басынан өткерген жаралы ақын қолына қалам алуды қойып, өз-өзімен, бейне бір, тек қана құр сұлдері қалғандай тілдесуден қалып, құсалықта осы сұм өмірдің жалғанына тұншығып өледі. Бұл дүниеден өтер сәтінде шәкіртіне айтқан сөздерінде: «Елсіз, жерсіз, жапан далада жалғыз түп ағаш өсіпті. Айлар, жылдар не замандар жасапты. Әр жылының гүлдері мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпті де, жайрапты...». Осылай өз өмірін түйіндеген ақын, артында қалған ұрпағын, шаңырағын ойлап, өзі шашқан гүлдерден қалың орман, саялы тоғай, мәуелі бақ өсуін арман етіп, саны көп шексіз халық санасында өзі өлсе де, аты өлмес мәңгі алып тұлға, қазақты қазақ қылған Абай алыс сапарға жүре берді!

Көзі тірісінде бүгінгі, біз сүріп жатқан өмірді, «жаңа заманды» қандай болар екен деп талай күнін, талай түнін сарп етіп ұйқысыз өткеріп, ойланумен болған ұлы данышпан Абай жаңа заман өкілдеріне зор үміт артқан болатын. «Мен жазған дүниелер оқылар ма екен?» деген сауалға да берілген екен. Бұл сұрағына, міне бүгінде жаңа буын өкілдерінің алдыңғы қатарында нық тұрып, Абай ата сіздің өлеңдер қазақ ұлтымен бүрге жүретін, «Абай десе қазақ дейтін, қазақ десе Абай дейтін» дәрежеде, бүкіл әлемде оқылып, жатталып, сан мың тілге аударылып, өзінің құрметті, қалаулы орнын иеленіп жатыр деп, кеудемді көкке көтеріп, асқан мақтанышпен, көркем ілтипатпен айта аламын!

**Жексенбай Тоғжан**  
**Қостанай облысы**  
**Науырзым ауданы**  
**Жамбыл орта мектебі**  
**10 - сынып**

**Жетекшісі: Балтабаева Жумакуль Ахетовна**

## Қазақ десе, Абай түсер есіне

Сөздері шарлап қазақ пен әлем арасын,  
Абай деп таныр қазақтың байтақ даласын.  
Өлеңі бізге рухани азық секілді,  
Абайдан биік тұлғаны қайдан табасың ?  
Абай-жыршы, жақсы менен жаманның,  
Қайғы зарын жырлай білген даламның.  
Абай- мұра, ұрпақтан ұрпақ жалғаған  
Әнмен жыры, еш назарсыз қалмаған.  
Білім, еңбек еркіндікті арман ғып,  
Жас қауымға сабақ етіп жырлаған.  
Абай-дана, Абай-дара қазақ та  
Оқымаған, ұлы Абайды қазақ па?.  
Қазақ даңқын асқақтатқан әлемге,  
Абай теңдес ақын болмас қазақта.  
Кеше өткен бұлдыр заман желегі  
Болашаққа Абай үнін тіледі.  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған  
Абай үні бізбен бірге келеді!

**Қатысушы: Есен Аружан Досмұқасанқызы**

**Жасы: 16 жас**

**Жетекшісі: Шарипова Қалима Қайырбекқызы**

**«Науырзым ауданы білім беру бөлімінің Мереке негізгі мектебі» ММ**

**87145420411**



## Абай-дара, Абай-дана қазақта

Абай-дара, Абай-дана елімде,  
Абай менің жүрегімде, көгімде.  
Қазақ үшін туылған, ұлы Абайды  
Оқымаған жандарды  
«Қазақ»-дей алмаймын мен мүлде.  
Бес асыл іс көнсеңіз деп ұйқастырған,  
Әр сөзінен ақынның өсиетті ұғам.  
Жаныма жақын болған Абай ақын,  
Мен сізді әрқашанда үлгі тұтам.  
Жақсылықты ұқтыратын өлеңдері,  
Құлақтан кіріп, бойды алатын әуендері.  
Мағыналы қырық бес қара сөзі  
Тарихта сақталады Абай өзі.  
Әр өлеңі, әр сөздері әр алуан,  
Барлығынан тазалықты ұға алам.  
«Ғылым таппай мақтанба» деген сөзін  
Алдыма биік етіп мақсат қылам.

**Қатысушы: Есен Аружан Досмұқасанқызы**

**Жасы: 16 жас**

**Жетекшісі: Шарипова Қалима Қайырбекқызы**

**«Науырзым ауданы білім беру бөлімінің Мереке негізгі мектебі» ММ**

**87145420411**

## Әлемнің Абайы.

Абай Құнанбаевты білмейтін қазақ баласы жоқ шығар. Абай – ұлы ақын, дана, аты әлемге әйгілі ғұлама адам. Абай атамызды тек қазақ халқы ғана емес бүкіл әлем біледі деуге болады.

Ақынның әрбір жазған өлеңінде үлкен мән-мағына бар. Үстем тап өкілдерін, бай-манаптарды сынап, кедей қарапайым адамдарға арнап жазған өлеңдері өте әсерлі, жыл мезгілдеріне арнап жазған лирикалық өлеңдерінде үңіле қарасақ көптеген көзге елестерлік мағына бар.

Абай атамыздың терең ойлы өлеңдер жазуына себепші, менің ойымша, әжесінің тәрбиесі деп ойлаймын. Себебі, бала күнінен әжесінің ертегісін, ақыл-кеңесін тыңдап өскендіктен. Ол ерке, байдың баласы болса да көзі ашық, көкірегі ояу болды. Аш-жалаңаш жүрген кедейдің балаларын аяп, оларға үйден тамақ алып шығып беретін. Бұның өзі Абай атамыздың кішіпейіл, мейірімді, қарапайым екенін көрсетіп тұр.

Абай Құнанбаевтың қара сөздеріне тоқтала кетсем, бір-екі сөйлемге қаншама жүрегіндегі ойын сиғызған. Адамға ой салатын, адамгершілікке адалдыққа тәрбиелейтінін байқаймыз. Мысалы: «Қазаққа қара сөзге дес бермедім» - деп қара сөзді шешендік өнер мәнінде айтқан. Мінекей, Абай атамыздың әр қара сөзінде, өлеңдерінде көптеген мән-мағына жатыр.

Сондай-ақ, Абай (Ибраһим) Құнанбаев өз балаларын да жақсылыққа, ізгілікке, білімпаздыққа тәрбиеледі. Сол заманның қатал заңына қарсы тұрып балаларына білім алдырды.

Шынымен де, ол тек ұлы ақын ғана емес ағартушы, аудармашы, композитор. Орыстың ұлы ақындарының өлеңдерін қазақшаға аударып елге, халыққа жеткізе білді. Сол замандағы жастарды оқу-білімге жетелеп өз жырларына қосты:

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан – деген үзіндіге тоқталсақ әрбір адамды, өскелең ұрпақты өнерлі болуға шақырады. Дүниеге бос келмей өз орнын тауып, кірпіш болып қаланып, халыққа қызымет етуіне бейімдейді.

Ұлы ақынымыздың тағы бір қыры өлеңнің әнімен жазуы «Жеті қырлы, бір сырлы» деп Абай атамызды толық айтуға болады,



«Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», «Желсіз түнде жарық-ай» өлеңдерін осы күнге дейін барша халық қызыға тыңдайды.

Жалпы айтқанда, Абай атамыз өз заманында ұлы ақын болған, және болашақта да ұлы ақын болып қала береді. Ұлы ақындай, нақышына келтіріп ән шығарып, өлең жазатын адам аз.

алдырған, Көп адам дүниеге бой

көп шалдырған.

Бой алдырып, аяғын

ойлаңдаршы,

Өлді деуге бола ма,

сөз қалдырған, - деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 175 жыл бойы өмір сүріп келеді, Мәңгі өмір сүре бермек! Абай атамыздың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.

Сонымен қатар, Абай атамның әр өлеңдерін қызыға тыңдаймын, сүйсіне оқимын. Мен де Абай атамздай ақын болғым келеді.

«Ұлы халықтың – ұлы Абайы» , - деуге болады, және оны ешқашан ұмытпаймыз, себебі ол ұлы ақын.

Өлсе өлсін, Ақынның сөзі өлмесін – дегендей өзі жоқ болса да кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасы, қазынасы жойылмайды.

Мен Абай атамды мақтан етемін!

Темірбек Есенгелді 6 сынып оқушысы



## Әлемнің Абайы

Ұлы даланың ұлттық құндылықтарын бойына ерекше дарытқан, әлем таныған ұлы ақын, Абайдың ғұлама ойшыл екені бәрімізге мәлім. Абай туралы алғашқы мәліметтер сонау 1851 жылдан бастау алады.

Құжаттық деректе, аталған жылдары Абай жеті жаста деп жазылғандығын. Абай әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, сосын Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқып білім алғаны көпшілікке белгілі. Шәкірт кезінен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өте жақсы білуімен қатар кітапқа өте құмар болып, араб-парсы және көне түркі әдебиетінің туындыларын зер салып оқыды. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен ислам дінінің қағидаларын терең меңгерді. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей, Абаймен білім жарыстырудан молдалардың өздері қашқақтағаны белгілі. Ол шәкірт кезінен-ақ өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастады.

Абай Құнанбайұлының ұтымды сөзімен, әділ билігімен елге танылып, 18 жыл бойы билік жүйесінде болыс және би қызметтерін жоғары деңгейде атқаруы бұлтартпас тарихи дерек. Абай атамиздың асыл мұрасы біз үшін баға жетпес байлық. Ол ақын ғана емес, өзінің өшпес өлеңдері арқылы туған халқының басты міндеттерін батыл көрсетіп берген данагөй. Ол бүкіл жан дүниесімен қазақтың білім мен ғылымды игеруін қолдады және соған үгіттеді. Абай қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Ғұламаның айтуынша, еңбек-жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу-табан ақы маңдай тердің, еңбектің мәні. Абай қазақтың мал өсірумен қоса сауда жасауды, белгілі бір кәсіп түрімен шұғылдануды үйрену қажеттігіне баса назар аударды. Ұлы ақын жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке, ғылым-білімді үйренуге шақырды. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жалпы, ақынның барлық шығармашылық

жолының негізгі идеялық-тақырыптық желісінің бірі – жастардың ерінбей еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі сынды асыл қасиеттерді уағыздау болды. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменнен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», - дейді. Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. Ақын әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды. Оның пікірінше, адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет. Жалпы, Абай өз өлеңдері мен қара сөзбен жазылған ғибраттарында қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын әдемі ашып көрсетті. Одан ақыл-кеңес сұраған дала тұрғындары ағылып келіп жатты деседі. Абай өлеңдерінен тәлім алу, оны ұғынып бойына сіңіру – бүгінгі ұрпақ алдындағы міндет. Сол үшін «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» - деген сөз әрбіріміздің ұстанымымыз болу керек деп ойлаймын.

Қазір еліміздің түкпір – түкпірінде ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына арналған ауқымды мәдени-көпшілік және ғылыми шаралар өткізілуде. Қорыта айтқанда, Ұлы Даланың өрен тұлғасы болған Абай Құнанбайұлы – дара құбылыс, ақын-ойдың, парасаттың асқар биігі. Еңбегі біз үшін таусылмас асыл, рухани қазына. Абайдың дәстүрі, мектебі – Ұлы Дала руханиятының жаңарып – жаңғыруына, жас ұрпақтың ой-санасының жетілуіне орасан зор үлес қосары сөзсіз.



## АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ БІРІКТІРУШІ КҮШІ

Абай ілімінде қазаққа, қазақ дәстүріне, діліне тән мазмұн да, сонымен бірге даналық жолымен дамыған, даналықты жүзеге асырған Батыс және Шығыс ойшылдарына, атап айтқанда, Сократ пен Платонға, Монтень мен Паскальға немесе Конфуций мен Буддаға ұқсас пайымдау да бар.

«Мен кімге, неге үміт арта аламын?», осындай күрделі сұрақ төңірегінде Абай да ойланып, толғанады:

*Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,*

*Әуре етеді ішіне қулық сақтап.*

*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар*

*Еңбегің мен ақылың екі жақтап, –*

деп нақты жауап береді.

Бұл – барып тұрған философиялық ұстаным, ол қарапайым даналық тілінде, ойшылдың сөзімен бейнеленіп тұр. Абай қай адамды да қинайтын, жоғарыда аталған философтар қарастырған сұрақтар төңірегінде көп ойланады.

Кәсіби философия ғылыммен астасып жатыр; ақылға сүйенеді, сыртқы дүниеге, жалпылама құбылыстарға көңіл бөледі.

Ойшылдарға тән қарапайым философия адаммен айналысады; адам тану үшін ғылымнан гөрі әдебиетке, өнерге, дінге сүйенеді, өмірге, адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, қарым-қатынасына, көңіл-күйіне жақын болып келеді; ақылға да жүгінеді, сонымен бірге сезімге, эмоцияға да орын береді. Абайдың философиясы – тап осындай философия.

Абай сөзін, ойын халқына, қарапайым адамға арнады. Бірақ оның сөзі заттың, құбылыстың бетімен қалқитын жеңіл-желпі, жай сөз емес. Қарапайым сөз, қарапайым тіл. Бірақ мәні, мағынасы терең, сан қырлы. Сондықтан да Абай замандастарынан терең ойды, терең ойдың телміріп соңына еруді, түбіне бойлауды талап етті. «Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» деп ішкі сырын жайып салды. Сондықтан да надандықты «халықтың қас жауы» деп сынады, надандықпен аянбай күресті. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын? Халқым надан болған соң, қайда барып оңайын?» –

деп өкінді. Философия ғылым ретінде, ілім ретінде, көзқарас ретінде біртұтас болса да, әркезде, әр елде әр қырынан көрініп, әртүрлі формаға ие болып, әр түрлі қызмет атқарып келген, бүгін де атқарып келеді. Философия осы жолмен дамыды, байыды, әмбебап күйге ие болды.

Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары. Абайдың мұраларының танымдық-тағылымдық мәнін зерттеу- тың мәселе.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ-ҰЛТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТИ НЫҒАЙТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Абай шығармаларының жаңа идеялық мазмұнын жаңашыл әдеби формада шебер жүзеге асырды. Автор ұлттық ауызша поэзия мен қазақ тілінің байлығын белсенді қолданды. Ол әдебиетке жаңашыл поэтикалық жанрларды енгізді, бұрын белгісіз әдістерді, формаларды қолданды. Әдеби шығармашылықтан басқа Абай Құнанбайұлы музыка жазды. "Абай" операсын және көптеген симфониялық поэмаларды құру кезінде КСРО композиторлары (Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Евгений Брусиловский) кеңінен пайдаланған 20-дан астам әуендер замандастарына дейін жетті. Оның әуенімен көмкерілген Татьянаның Онегинге жазған хаты 100 жылдан астам уақыт бойы Қазақстан халқының ән репертуарын әшекейлейді.

Абайда өз қолтаңбасының (шығармашылық кон-текстің) айқын көрінуі. Абай, Пушкин сияқты, әдебиеттің, яғни өлеңнің іші «поэтикалық ойға»—«идеяға» толы болуына күш салды. Ойға, мазмұнға құрылған өлең сол ойды дәл, әсерлі етіп беретін амал-тәсілдерді іздеттірді. Сондықтан да Абайда өлең мазмұнын, ақынның айтпақ идеясын білдіретін элементтердің айқындала, көріне түсуі басым, яғни Абайдан «шығармашылық контексті» көре аламыз. Шығармашылық контекст дегеніміз – жазушының көркемдік-бейнелеуші түр-тұрпатын тікелей көрсететін тілдік фактілер жүйесі болса, бұл тұрғыдан келгенде, Абайдың тілі өзіне дейінгі, өзімен тұстас қазақ көркемсөзі тілінен ерекшеленіп тұрады.

Абай шығармашылығы арқылы қазақ көркемсөзінің лексикалық құрамына өзгеріс енді. Ол өзгерісті туғызған – екі нәрсе: бірі – ақын жырлаған тақырыптар мен шығармаларының жанрлық құрылысы, екіншісі – жаңа образдар іздеу. Поэзия тілінің лексикалық құрамы оның мазмұны (тақырыбы) мен айтпақ идеясына тікелей байланысты болатындығы мәлім. Дегенмен соның өзінде де өлеңге қатыстырылатын сөздерді поэтизмге айналдыру – ол жеке ақынның ісі. Ал лексикалық поэтизм дегеніміз – белгілі бір кезеңдегі поэзия

тілінде пайда болған немесе іріктеліп шыққан сөздер мен тіркестер, яғни өлеңнің көркемдік талабын өтеу үшін қалыптасқан элементтер.

Абай поэзиясының тіліне айқындық пен дәлдік тән. Дәлдік үшін өмір шындығына сай образдарды алу – басты шарт. Сондықтан Абай қолданған образдардың басым бір тобы – қазақ халқының көп ғасырлық күн көріс тіршілігінің негізі – малға байланысты болып келетіндігін көреміз. Еңбексіз күнкөрісті жөн көретін замандастарының жағымсыз портретін береді.

Қазақ поэзиясы тілінің даму барысында Абай енгізген өзгеріс-жаңалықтардың ең бастысы фразеология са-ласында болды. Ең алдымен, ол фразеологияны поэтикалық экспрессияның құралы ретінде жұмсауды күшейтті.

### АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам өзінің ана тілін, мемлекеттік тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз бұрмалануына қарсы тұруы тиіс.

Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіліміз – ең басты байлығымыз. Менің пікірім әрбір Қазақстандық азамат оны білу керек деп есептеймін.

Қазақ тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі,- деп Жүсіпбек Аймауытов ағамыздың айтқанындай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде Мемлекеттік тілге, ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. Әрбір мекемеде мейлі ХҚКО-да болсын басшыдан бастап сол мекеменің техникалық персоналына дейін осы ұғымды есте ұстау керек деп ойлаймын сонда ғана біздің мемлекеттік тілге деген құштарлығымыз арта түседі.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері оның ішінде, өзіміз де жанұямызда ұл-қыздарымызға Қазақстанның халқы туралы, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тілін-мемлекеттік тілін білуі міндетті екендігін естеріне салып ал, білмегендерге түсіндіріп, үнемі бас қосқан көпшілік орындарда, жиындарда ортаға салып отыруымыз қажет деп ойлаймын, сонда ғана Мемлекеттік тіліміз, қазақ тіліміздің деңгейі жоғарғы сатылардан көрінеді демекпін сонымен қатар, Мемлекеттік

тілді дамыту ісінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) алдыңғы қатардан табылып, бұл істердің игілікті болуы үшін бір атаның баласындай үлес қосулары тиіс.

Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық Құрметті әріптестер. Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, Мемлекеттік тілді дамыту үшін, бұл істе ала болмай, түгел болып кіріссек, көздеген мақсатқа тездетіп жетуге болатынына сенімдімін. Қазір ХҚКО ғимараттарында Тіл туралы, іс-жүргізу нормативтері, ХҚКО-дағы құжаттар айналымы туралы стенділер ілінулі тұрғандығын айта кеткім келеді, күнделікті жүргізіліп жатқан іс-қағаздар, өткізіліп жатқан семинар-кеңестер қазақ тілінде орындалуда міне осының өзі мемлекеттік тілге деген құрмет оны әрі қарай дамытуға қосып жатқан үлестер деп білемін және мемлекеттік тілге деген қамқорлықтың оны дамытудың белгісі деп ойлаймын.

Қазақстанда осында тұрып жатқан өзге де этностардың құндылықтарын дамытуға қашандағыдай жақсы жағдай жасалатын болады. Бұған Ассамблея сессиясында Н. Назарбаевтың : «Сонымен бір мезгілде біз Қазақстанда тұратын барлық этностардың ана тілдерін, мәдени мұралары мен дәстүрлерін еркін дамыту үшін бұдан әрі қарай да барлық жағдайды жасайтын боламыз», деген сөзі айқын дәлел. Олай болса, азаматтарының теңдігі мен еркіндігі қамтамасыз етілген Қазақстанда келешекте мемлекеттік тілді өркендете отырып, өзге де этностарды өгейсітуге жол берілмейтініне нық сенуге болады. Сенім - табыстың кепілі. Сондықтан, тағы да Елбасының сөзіне жүгінсек, «біз қазақ тілінде сөйлеу қалауы әрбір қазақстандыққа табиғи нәрсе болуы үшін бәрін істеуге тиіспіз». Бұйырса ол күнге де жетерміз. Тек бұл істе Қазақстандағы БАҚ өкілдері тілдік жіктелуге бөлінбей, қоғамның ащы дертін ашық айтып, ақиқаттан аттамай, белсенділік танытса игі болар еді.

Елбасы белгілеп берген қазақстандық қоғамның, оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызды бағыттарының бірі енді осы - қазақ тілін дамыту болып отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», демекші, бұл іске «ала болмай, түгел болып» кіріссек, көздеген мақсатқа тездетіп жетуге болады.

#### АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ АБАЙДЫҢ ҰЛТ –АЗАТТЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ІС ЖҮЗІНДЕ АСЫРУ ӘРЕКЕТІ

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ жерінің барлық өңірін қамтыған ұлт-азаттық қозғалыс. 1905 жылы қазақ оқығандары ұйымдасқан түрде саяси шараларды қолға ала бастайды. 1905 жылы 26 маусымдағы «Қарқаралы құзырхаты» деп аталған Қоянды жәрмеңкесінде Ресей патша үкіметінің министрлер кабинетіне сөз бостандығы мен ана тілінде оқу, діни еркіндік т.б.

мәселелерді көтерген 12.767 қазақ азаматы қол қойған құжат осы қозғалыстың бастауы болып табылады.

Азамат соғысынан кейін, А.Байтұрсынов үгітіне ерген Алаш зиялылары, бір кісідей, еңбекшілер үкіметін қолдағанда, ең алдымен халыққа тұлға болу жағын ойлады. Билікке жеткен қара халыққа, қазақтың мүддесін ұлттық тұғырды қалыптастырудан іздеу керектігін үйретумен бірге олар қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласындағы қайнаған ортаға бірден араласып кетті. Алаш қозғалысы тұншықтырылғаннан кейін КСРО құрамында 1920 жылы құрылған қазақ АКСР-і құрылды. Оған Алаш қайраткерлерінің тікелей әсері мен ықпалы болды. Қазіргі қазақ жерінің кеңбайтақ аумағын көрсетіп берген де солар. Алаш зиялылары – ұлтын сүйе білген, ұлт мүддесін алдыңғы орынға қоя білген тарихи тұлғалар. Олар қазақтың руға бөлінгенмен тапқа бөлінбеген қасиетін жақсы білгендіктен, ауқаттылар мен кедейлердің өзара түсінісіп, бірігуін бәрінен жоғары қойып халықпен бірге бола білген. Бұл олардың қазақ менталитетін (ділін) өте жақсы білу қасиеттерінен туындайтын патриоттық сезім белгілері. Большевиктер Алашорда партиясы мен Үкіметке өз бағдарламаларын іске асыруына мүмкіндік бермеді. Қазақ халқының ұлттық рухының тамырын жою үшін коммунистер ең әуелі осы қозғалыстың бастау көзінде тұрған Алаш көсемдерін, олардың ізбасар шәкірттерінің көзін жойды. Содан кейін билік ішінде жүріп, ұлт мүддесін қорғай алатын большевиктерді қолдаған коммунист зиялыларды биліктен аластатып, соттады, атты, жер аударды. Сонымен, Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдағы қазақтың мемлекетшілдік идеясы болды. Алаш қозғалысы – жаңашыл жасампаздың көшбасшысы. Алаш қайраткерлерін түгелдей қырып тастағанмен, олардың идеялары қазақ халқының санасында, жаужүрек ұлдарының іс-әрекеттерінде жалғасын тапты. Алаш рухы қазіргі ұрпақты елдікке, ауызбірлікке, елге адал қызмет жасай білуге үндейді. Тәуелсіз Қазақстанды нығайта түсуге шақырады. Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын тыйым салынған – Алаш қозғалысы тақырыбы қазіргі таңда отандық тарихымыздың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта зерттелуде. Алаш зиялыларының өмірі мен ісін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, қателіктерінен сабақ алу, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажет. Еліміздің өткенінен сабақ ала отырып, бүгінгі жаңаруларда жаңылыспауға тиіспіз.

Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу - әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе.



Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. «Адамды сүйуден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген гуманды педагогика ұстанымдары жатыр. Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүйуге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Абай мұрасы, тағылымының өміршендігін бүгінгі тәрбие үрдісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады.

Қорыта келгенде, Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алады. «Соқтықпалы, соқпақсыз» заманда өскен, «Атаның баласы емес, адамның баласы болуды» уағыздайтын ғұламахәкім «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп толғанады. Оның ойынша, адамзатты, әділетті сүйу- толық тұлғаға тән басты кісілік қасиет екенін түсіндіреді. Адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясы түпкі негізі- адам, Толық адам. Абай арманындағы Толық адам өнерлі ,білімді, еңбекқор, адал, әділ , жылы жүректі , ыстық қайраттыты , ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал махаббатпен сүйу, адамды сүйу, Алланы сүйу, әділетті сүйу-Абай шығармаларының биік мұраты.

Сонымен 20-шы ғасырдың басында, яғни патшалық жүйе қойнауында нақты бағдарламалық негізде өмірге келген қазақ ұлт-азаттық қозғалысын кеңестік билік өз қолымен тұншықтырып, басты. Осылайша өзінің ұлттық идеямен қатар үйлесімді өмір сүре алмайтынын іс жүзінде көрсетті.

Материал интернет жүйесінен алынды.

Абдикеева Замзагуль Советовна

Қарағанды обл. Бұқар жырау ауданы Ботақара кенті,  
«ЖОББ№1 ҚТМ(РО)»КММ

